

«8D02204 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Орынбеков Нұрлан Амангазыұлының «Экстремизм мен терроризмің алдын алушының діни білімнің ролі: қазақстандық тәжірибе» тақырыбындағы диссертация жұмысына реєстрированы рецензенттің

СЫН-ПКПІРІ

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымиң даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымиң даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Укіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымиң даму басымдықтарының ішінен – 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, колданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6 Қоғамды жаңырту жағдайлардағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүр мен қындылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.</p> <p>«8D02204 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантурда аясында әзірленген диссертация жұмысы. Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған. Диссертация Қазақстан Республикасының Укіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдығына сай келеді.</p>

2.	Гылымға маңыздылығы	<u>Жұмыс гылымға елеулі үлесін косады/коспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган</u>	<p>Зерттеу жұмысын Қазақстандагы экстремизм мен терроризмнің алдын алудағы діни білім беру мәселелеріне теориялық талдау жасалған және дінтанулық сараптама берілген жалпы гуманитарлық гылымға косатын үлесі жоғары деп бағалауга болады.</p> <p>Зерттеудің жоспары, жүйесі, мазмұны, гылыми деңгейі мен теориялық тұжырымдары диссертацияның маңыздылығын тольык негіздейді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) томен; 4) өзі жазбаган</p>	<p>Коргауға ұсынылған диссертация жұмысының колжазбасынан автордың өзі жазу деңгейінің жоғарылығы мен өзіндік баяндау стилі, яғни колтаңбасы анық байкалады. Сөз саптауы, толғамдары, түйін-тұжырымдарындағы өзіндік сипатты мен жалғастығы бүтін дәлел бола алады. Ал гылыми стилі ізденушінің маманданған саласындағы категориялық аппарат пен негізгі ұғым-түсініктерді жақыс менгергенді, сындарлы ой корыта алатындығынан хабар береді. Зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың инбектері мен зерттеулерін саралап, талдау жасап, зерттеу нысаны аясында ой елегінен өткізу, кисынды тұжырымдарға дәйек етіп, оларды дәлелдей алуы осының көрсетеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация озектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмен.</p>	<p>Диссертация тақырыбының өзектілігі жеткілікті негізделген. Қазақстандагы діни экстремизм мен терроризм құбызыстарының алдын алудағы діни білімді жетілдіру үшін автор діндер араптық катынастар саласындағы еліміздегі салиқалы мемлекеттік саясаттың негізі дін жағдаймен көрсетеді: Біріншісі – либералдық заңнамалар, екіншісі – барлық діни нағымдарға төзімділікпен карау, үшіншісі – плюрализм, яғни діни пікірлердің, діни көзқарастың алуандығы. Өзара төзімділік, шыдамдылық, принципі дегеніміз баскаладын діни сенімінің қаншалықты төзімділікпен карау ғана емес, сонымен бірге сошалықты деңгейде күрметпен де карау, ботен дінділерді шеттептіе дегенді білдіреді. Бұл зайырлы мемлекет азаматын қалыптастыру ісінде аса өзекті деп есептейді.</p>

	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды. 	<p>Диссертация мазмұны тақырыбын толық ашқан. Бірінші тарауда экстремизм мен терроризмнің діндегі көріністерінің негізгі ерекшеліктері анықталып, заманауи әлемдегі діни экстремизм мен терроризмнің пайда болу себептері мен формалары талданады. Діни экстремизм мен терроризмнің қазақстандық қоғамда орын алу мүмкіндіктері мен тенденциялары көрсетіледі. Екінші тарау экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолы ретінде діни білімнің рөлі әлемдік тәжірибе мысалында қарастырылады, Қазақстандағы діни білім беру мәселелеріне қатысты қазіргі медреселердегі білім беру ерекшеліктеріне, қазіргі орта білім беру жүйесіндегі дінтантулық білім талқыланады. Автор бұл тарауда діни экстремизм мен терроризмді шектеудегі ислами білім берудің зайырылар формаларының тиімділігі және даму перспектиналарына бага береді.</p>
	<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>Диссертация жұмысының мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сай келеді. Қазақстандағы діни білім берудің қазіргі жағдайы және даму перспективаларын гылыми түрткүйде көшінді зерттеу максатымен ізденуші өзіне алты міндет қойған және осы міндеттерді жүйелі түрде орындаپ, әр тараудың бөлімшелерінде гылыми қорытындылар мен тұжырымдар жасау арқылы беріп отырган.</p>
	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок. 	<p>Диссертациялық жұмыс екі тараудан, алты бөлімшеден тұрады. Бірінші тарауда Діни экстремизм мен терроризмнің мәні, пайда болуы мен заманауи мәселелері қарастырылады. Екінші тарауда Экстремизм мен терроризмді шектеудегі діни білімнің әлеуетіне теориялық талдау жасалған және сараптама берілген. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымында логикалық байланыс толық сакталған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бүрүннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сұни талдау бар; 	<p>Ізденуші ұсынған гылыми жаңалықтар жеткілікті дәйектеліп, оған дейінгі гылыми шешімдермен салыстырмалы түрде талданып, өзіндік гылыми бағыт, өзіндік қозқарас нақтыланып көрсетілген. Жалпы дінтану гылымина қатысты шетелдік және жергілікті галымдардың қозқарастарын салыстырумен ғана</p>

		<p>2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.</p>	шектелмей, олардың тұжырымдарына сынни талдау жасай біледі. Мысалы терроризмнің атрибуттарына байланысты, экстремизмнің типологияларына қатысты сынни тұжырымдар береді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нағижендер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады). 	Диссертацияны Қазақстандагы діни білімнің экстремизм мен терроризмнің алдын алушының қатысты бүрін зерттелмеген ғылыми жұмысы деп бағалауга толық негіз бар. Себебі бұл саланың озі еліміз тәуелсіздік алуымен байланысты пайда болып, дамыды. Жұмыста осы саланың негізгі мәселелері жалпы мемлекеттік бағдарламалар мен күжаттар, сонымен коса, діни білімге қатысты зерттеулер жан-жакты талданған. Діни білім берудің теориялық және әдіснамалық негіздеріне, шетелдік тәжірибелеге шолу жасау арқылы ізденуші Қазақстандық діни білімнің негізгі мәселелерін алға кояды. Бұл мәселелердің шетелдік тәжірибелермен салыстыру арқылы озіндік шешу жолдарын ұсынады.
		<p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады). 	Жұмыстың ғылыми нағиженері мен корытындылары жартылай жаңа болып табылады. Ізденуші бірнеше экстремизм мен терроризмнің себептері мен анықтамаларына қатысты тұжырымдарды осыған дейінгі зерттеушілердің ойларын жинақташ жасағандықтан жартылай жаңа болып табылады. Бірақ, диссертацияда берілген Қазақстан қоғамында діни білімді дінтапулық біліммен ұштастыру және дәстүрлі исламды қытуында жаңа формаларына қатысты ұсыныстар толық жаңа деп бағалауга болады.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады). 	Диссертация жұмысының тақырыбы әлеуметтік-гуманитарлық гылым бағытында орындалған. Техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікедей қатысы жоқ, сондыктан толық жаңа деп есептеуге болады. Ізденушінің ғылыми нағиженері мен корытындыларында еліміздегі дін саласындағы үәкілетті орган қызметкерлеріне діни саланы реттеу барысында акпараттық, нұсқаулық материалдар ретінде колданылуына жарамды. Диссертацияның мазмұнындағы теориялық негіздер

			дінтануға қатысты әртүрлі зерттеулардеғының білім ресурсын ретінде қажеттігі жұмыстың қолданбалы маңызын дәлелдейді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар гылыми түргыдан қараганда ауқымды дәлелдемеслерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және онертапу және гуманитарлық багыттары бойынша)	Диссертация жұмысының әр тарауының аяғында комакты корытындылар жасалған және тараушалардың бөлімдерінің соңында да талдаулар негізінде гылыми тұжырымдар берілген. Барлық қорытындылардың гылыми дәлелдері жеткілікті негізделген.
7.	Көрғауға шығарылған негізгі қагидаттар	Әр қагидат бойынша келесі сұрақтарға жаяп беру кажет: 7.1 Қагидат дәлелденді мә? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жок. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жок. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жок.	7.1 Негізгі қагидаттар толық дәлелденген. Ізденіс ауқымында автор тарапынан 6 қагидат айқындалған және олар зерттеудің нәтижесімен бірліктे туласқан. 7.2 Әр қагидат тривиалды емес саналады. Автор қагидаттарды ерекше тәсілмен, жан-жақты қызынан қалыптастырган. 7.3 Мейлинише жаңа. Автордың тақырыпқа қатысты ұсынған барлық қагидаттары бүрін гылымда айтылмаган мәселелерге арналған. Сондықтан да жұмыс нәтижелері жаңалығымен ерекшеленеді. Қазақстанның дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудагы діни білімнің тиімділігі және даму перспективаларына берілген тұжырымдарды ерекше атап өттеге болады. 7.4 Қолдану деңгейі кең. Диссертацияның гылыми нәтижелерін әлеуметтік-гуманитарлық гылым саласында, дін саласындағы үәқілетті орган қызметкерлеріне діни саланы реттеу барысында акпараттық, нұсқаулық материалдар ретінде қолданылады. Диссертацияның мазмұннаның теориялық негіздер, дінтану және исламтану саласында студенттердің, магистранттардың, докторанттардың әртүрлі діндерді зерттеуге қатысты фундаменталды білімін көзекті мақсатында лекциялық курстарға теориялық материалдар ретінде қолдануға болады. 7.5 Диссертацияның негізгі гылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық гылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 7 гылыми макала жарияланған. Оның ішінде

			Скопус (Scopus) мәліметтер базасында «Terrorism as a Unity of Destructive Ideology and its influence on Theology» (Pharos Journal of Theology ISSN 2414-3324 online Volume 104, Issue 5 - (2023) p. 1-11) 1 макала, шетелдік, халықаралық конференция жинағында 1 макала, отандық республикалық, халықаралық конференцияларда 2 макала, КР Фылым және Жогары білім министрлігі білім және ғылым саласындағы бакылау комитеті (БГСБК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 3 макала жарияланды. Жарияланған макалалар жүргізілген жұмыстың мазмұнына толық сай келеді.
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жок.	Жұмыста қолданылған әдіснама накты, дәлелді. Ізденуші зерттеудің теориялық негізін діктануда қолданыс тауып жүрген дастурлі әдіснамалық негіздерді қолданған. Тақырыпты ашуға бағытталған тарихиык пен логикалықтың бірлігі, салыстырмалы саралтау әдістері де қолданылған, Диссертациядагы сандық зерттеуде гутл формасы арқылы мәліметтер жинақтау, сауалнама нәтижесін статистикалық өндөу және сапалық зерттеуде бакылау, жеке және топтен әңгімелесу әдістері қолданылған. Осы жеке әңгімелесуде З ғалыммен шектелмей тағы да бірнеше ғалымдардың козқарастырын салыстырса, жұмыста тағы да ғылыми тұжырымдардың қосылуы мүмкін бе деген ой айтуға болады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компььютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок.	Иә. Диссертация жұмысының нәтижелерінің компььютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелері пайдаланылған. Бұл жұмыс барысында: сауалнамаларды өндөуде, топтамалар жасауда анық көрініп тұр.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған	Диссертацияның теориялық қорытындылары, ғылыми тұжырымдары анықталған өзара байланысты және теориялық тұрғыда дәлелденген. Респонденттермен жүргізілген

		(педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде далалденді): 1) ия; 2) жок.	сауалнамаларга теориялық тұжырымдар жоғары деңгейде жасалған.
		8.4 Маңызды малімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаган	Диссертацияда шетелдік және отандық авторлардың еңбектері кеңінен қолданылған. Жалпы жұмыста айтылған әр мәселе бойынша авторларға сілтеме берілген және де олардың барлығы мазмұндарының сөйкес нақтыланған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз	Жұмыста 240 ғылыми әдебиетке сілтеме жасалған. Барлық еңбек тақырыпта көтерілген мәселелерге арналған. Ізденуші тақырыптың зерттелу деңгейін әр сала бойынша тольық негіздеген.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жок.	Диссертацияның теориялық маңызын қазіргі кезеңіндегі діни білім берудің негізгі мәселелерін көтеру және олардың инновациялық формаларын іздеңіруде деп бағалауга болады. Жұмыста берілген көнгө мүшелеңін діни көзқарастарының, саяси түсініктерінің радикалдануына әсер етегін діни сауаттылық, психологиялық, алеуметтік қажеттіліктің тарғы да басқа факторлық жүйелер, діни экстремизм құбылыстарына карсы құресті қүшешу мақсатында дамыту керек. Діни және дінтанулық білімді дамытудың ұстанымдары мен бағыттары туралы теориялық тұжырымдар жалпы гуманитарлық ғылым үшін маңызды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жок.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді мемлекеттің дін саласындағы саясатын жүзеге асыруда діни және дінтанулық білім беру бағдарламаларын құруда басшылыққа алуға болады. Сонымен коса, орта және ариналы діни білім беру мекемелерінде, жоғары оқу орындарындағы дінтанулық білім беруде пәннің мақсаты, мазмұны және оны жүзеге асыру жолдарында қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?	Диссертацияда берілген практикалық ұсыныстар жартылай жаңа. Ізденуші жұмыс жазу барысында шетелдік және

		<p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</p>	жергілікті авторлардың тұжырымдарын салыстыру арқылы кейір авторлардың көзқарастарын қабылдап, өзіне дейін осы тақырыпта катысты айтылған ойларды көнегіту арқылы тұжырымдар берген.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы талапқа сай, жоғары бағалауга болады. Гылыми тіл жоғары деңгейде колданылған, дәлелді ой-тұжырымдар жұмыстың жоғары деңгейде жазылғаны, техникалық рәсімделуінің толықтығын, гылыми жұмыстарга қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігін дәлелдейді.</p>

8D02204 – Исламтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Орынбеков Нұрлан Амангazyұлының «Экстремизм мен терроризмнің алдын алаудағы діни білімнің ролі: казақстандық тәжірибе» атты диссертация жұмысы өзекті тақырыбы, айқын мақсат-міндеттері, толымды гылыми жақалығы, маңызды теориялық іргетасы, дәйекті зерттеу нәтижелерімен гылыми жұмыс талантарына сай келеді. Осыны негізге ала отырып, Орынбеков Нұрлан Амангazyұлы 8D02204 – Исламтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ебден лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

ҚР ФЖБМ Гылым комитеті Философия, саясаттану және ділтану институты, Ділтану орталығының бас гылыми қызметкері, филос. ғ.д., профессор,

Б. М. Сатершинов

